

Оқушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу.

Анықтама


Мектеп оқушылары арасында буллингтің, кибербуллингтің және психологиялық қысым көрсетудің алдын алу мақсатында білім алушыларға түсіндіру және тәрбиелік бағыттағы бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Іс-шаралардың негізгі мақсаты – оқушылар арасында сыйластық қарым-қатынасты қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру және қауіпсіз орта құру.

Өткізілген іс-шаралар барысында:

- «Буллинг дегеніміз не?» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді;
- оқушылармен психологиялық тренингтер мен пікірталастар ұйымдастырылды;
- кибербуллингтің зияны туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
- сенім, достық және өзара құрмет құндылықтарын насихаттайтын бейнероликтер көрсетілді;
- мектеп психологы тарапынан жеке және топтық кеңестер берілді;
- ата-аналар жиналысында буллингтің алдын алу жолдары түсіндірілді.

Іс-шараларға ___ сынып оқушылары, сынып жетекшілері, педагог-психолог және ата-аналар қатысты. Оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын еркін білдірді. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде білім алушылардың буллинг туралы түсінігі кеңейіп, жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға ықпал жасалды.

Жауапты ДТЖО



А.М.Каепов